

# КОЛОРАД ҚОҢЫЗЫ



Орындаған:  
Қаиркенова Алина

Coleoptera

Chrysomelidae

Leptinotarsa  
decemlineata

# Таралуы

Колорадо қоңызы 1859 ж. Колорадо штатының (Солтүстік Америка) картоп алқаптарында кездесе бастаған және осыған байланысты аталған. Солтүстік және Орталық Америкада, Түркияда, Батыс Африкада және Еуропаның (Ұлыбритания мен Скандинавия елдерінен басқа) көптеген елдеріне тараған.


Бұрынғы КСРО республикаларында 1949 жылдан белгілі бола бастаған. Сол кезден бастап Орал тауы арқылы шығысқа қарай, оның ішінде Қазақстанның батыс, солтүстік, оңтүстік-шығысына, оңтүстігінде таралған.



# Морфологиясы

- ◎ *Ересегінің ұзындығы 9 – 11 мм, дене пішіні сопақтау келген, арқа жағы дөңес, түсі қызғылт – сары, қанаттарының әрқайсысының үстінде бойлай орналасқан 5 қара жолақ болады. Мұртшалары 12 бунақтан тұрады, олардың түп бөліші ақшыл, ұшы қара болады.*
- ◎ *Жұмыртқаларының ұзындығы 0,8 – 1,2 мм, ұзынша-сопақтау, түсі сары немесе қызғылт – сары түсті жылтыр.*

- ◎ *Дернәсілдері қызғылт – сары, алмұрт пішінді, басы және алдыңғы арқа сақинасы және аяқтары қара, бүйір жақтарында 2 қатар болып орналасқан қара меңді ноқаттар бар, ұзындығы 15 – 16 мм жетеді.*
- ◎ *Қуыршағы кірпіш реңді қызыл немесе қызғылт – сары, ұзындығы 10 мм дейін болады.*



# Биологиясы

- Жылына 1 – 2, кейде 3 – 4 ұрпақ салады. Қоңыздары мен ірі дернәсілдері топырақта қыстайды, кейбіреулері қайта қыстайды. Қоршаған орта температурасы 12°C-тан асқанда олар тіріледі. Қоңыздардың шығу кезеңі кейде 3 – 4 айға созылады. Олар қорек іздегенде ұша бастайды (күніне 500 м-ге дейін). Жұмыртқаларын жапырақ астына 18 – 20-дан 2500-ге дейін салады. Дернәсілдері 16 – 24 күнде жетіледі.



# ЗИЯНДЫЛЫҒЫ

- ◎ Колорадтық қоңыз картоптан басқа қызанақты, баялдыны, бұрышты, темекіні зақымдайды, сонымен қатар алқа тұқымдасына жататын басқа өсімдіктермен де қоректенеді. Картоптың жапырағы мен сабағын күні – түні бірдей кеміріп жеп, қатты зиян келтіреді. Егер картоптың бір түбінде қоңыздар мен жұлдызқұрттардың саны 30 – 40 шақтысы қоректенетін болса, онда өсімдіктің жапырақтарын түгелдей құртады.

# Анықтау әдістері

- ◎ Анықтау әдістерін құрғақ әрі жылы күнде, таңертең немесе кешке жүргізген дұрыс, қоңыздардың белсенділік таныту кезінде. Егістікті диагональ бойынша немесе кез келген 10 жерден 100 түптерді қарап шығу керек. Сол уақытта олардың бір түптегі таралуын санау.